

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 сәуір N 443. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 14 қарашадағы N 2636 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы, жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы Ережелерді және запастағы офицер бағдарламасы бойынша студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы белгіленген жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 40, 439-бап) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы Ережеде:

5 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац мынадай редакцияда берілсін:

"Профессорлық-оқытушы құрамының, инженерлік-техникалық және оқу-көмекші қызметкерлері лауазымдарының тізбесі әскери кафедраның штат кестесімен белгіленеді, оны Қазақстан Республикасының Білім министрлігі және қарауында жоғары оқу орындары бар басқа да министрліктер қарап, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің келісуімен бекітеді";

тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Әскери кафедралардың офицер құрамы үшін штаттық-лауазымдық санаттар көрсетілген схемаға сәйкес белгіленеді:

Ла у а з ы м

| Әскери атак

Профессорлық-оқытушылық құрам

Әскери кафедра бастығы полковник
Әскер кафедра бастығының орынбасары <***> подполковник,
полковник

Оқу бөлімінің бастығы - әскери кафедра подполковник,
бастығының орынбасары полковник

Әскери кафедра циклының бастығы - подполковник, полковник

әскери кафедраның аға оқытушысы

Әскери кафедраның аға оқытушысы майор, подполковник

Әскери кафедраның оқытушысы майор

Инженерлік-техникалық құрам

Оқу техникасы мен жаттықтыру аппаратурасы майор
бөлімшесінің бастығы

Аға инженер капитан

Инженер аға лейтенант

Жөндеу шеберханасының бастығы аға лейтенант

Аға нұсқаушы, барлық атаудағы нұсқаушылар прапорщик

<***> Ескерту. Профессорлық-оқытушы құрамының жалпы саны 20 және одан да көп, әр түрлі әскер тектілерінің екі немесе одан да көп әскери-есепке алу мамандықтары бойынша әскери даярлықты жүзеге асыратын әскери кафедралар үшін ғана;"

1 4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "офицерлік лауазымдарда 5 жылдан кем емес қызмет тәжірибесі бар" сөздері алынып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда берілсін:

"Оқу техникасы мен жаттықтыру аппаратурасы, инженерлік-техникалық қызметкерлердің офицерлік құрамы лауазымдарына офицерлер мен прапорщиктерді тағайындауға болады";

26-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

"Әскери кафедраларда оқуға әскери кафедралары жоқ, білім беру қызметін жүргізуге Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің лицензиясы бар меншік нысаны мен бағыныстылығына қарамастан басқа оқу орындарының да студенттері тартылуы мүмкін.

Әскери кафедралары жоқ жоғары оқу орындарының студенттерін запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша басқа оқу орындарына жіберу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Білім министрлігінің, қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволардың келісуімен жүзеге асырылады.

Басқа жоғары оқу орындарынан әскери даярлыққа тартылатын студенттердің саны әскери кафедралардың мүмкіндіктеріне қарай айқындалады және әскери кафедрасы бар жоғары оқу орнының ректорымен келісіледі.

Басқа оқу орындары студенттерін әскери кафедра оқытумен байланысты шығыстар студенттерді оқуға жіберген жоғары оқу орындарының есебінен өтеледі және әскери кафедраның оқу материалдық-техникалық базасы мен жоғары оқу орнындағы оқу процесін жетілдіруге жұмсалады";

51-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда берілсін:

"Әскери даярлықтың толық курсы мен әскерде (Әскери-Теңіз Күштерінде) оқу жиынын (тағлымдама) өткен және әскери даярлық жөнінде бітіру емтихандарын тапсырып, денсаулығы бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде офицерлік лауазымдарда қызмет етуге жарамды деп танылған студент жігіттер запастағы офицер әскери атағын беру үшін аттестацияланады. Запастағы офицер әскери атағын беру үшін аттестацияланатындар әскери комитеттермен келісілген мерзімдерде медициналық куәландырудан өту үшін тиісті әскери-дәрігерлік комиссияларға жіберіледі. Медициналық куәландырудан белгіленген мерзімде өтпеген немесе әскери-дәрігерлік комиссиялар әскери қызметке жарамсыз деп танылған студенттер запастағы офицер әскери атағын беру үшін аттестацияланбайды";

қазақша нұсқасының екінші абзацына өзгерту енгізу қажет емес.

2. Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы ережеде:

7-тармақтың "ж" тармақшасы алынып тасталсын;

8-тармақтың "д" тармақшасы мынадай редакцияда берілсін;

"д) әскери кафедралардың штат кестесін Қорғаныс министрлігінің келісуі бойынша қарау және бекіту";

15-тармақтың бірінші абзацындағы "офицерлік лауазымдарда кемінде 5 жылдық қызмет тәжірибесі бар" деген сөздер "жоғары білімі бар" деген сөздермен ауыстырылсын, әрі қарай мәтін бойынша;

15-тармақтың төртінші абзацы "20 не одан көп адамдары бар" деген сөздерден кейін "әр түрлі әскер тектерінің" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі